



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

Соңғы жиырма жыл бойы туризм және демалу әлемдік шаруашылықтың табысты және қарқынды дамушы салаларының біріне жатады. Осының дәлелдемесі ретінде туризм мен демалу үлесіне әлемдік жиынтық ұлттық табыстың 10 % жуық көрсеткішінің сай келуін атап өтуге болады. Бүгінгі таңда бүкіл әлемде туристік бизнес капитал салымының неғұрлым табысты әрі келешектік саласы бола отырып, өзінің даму қарқынын энергетикалық, валюталық және экономикалық дағдарыс кезінде де сақтай алған.

Туризм және демалудан әлемдік деңгейдегі табыстың жыл сайынғы өсімі 2,7 % шаманы құрайды және де келешекте экономиканың бұл секторы әлемдік шаруашылықтың экспорттық тобы арасында сөзсіз озат болып танылатындығы айқындалуда [3].

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. http://economy.gov.kz/sites/default/files/pages/2015-2019_zhyldarga_arnalghan_edb_2-kezen.pdf
2. Драчева Е.Л. Экономика и организация туризма. Международный туризм. — М.: Кнорус, — 576 с.
3. Малахова Н.Н., Ушакова Д.С. Инновации в туризме и сервисе. — М.: ИКЦ «МарТ», — 224 с.
4. <https://articlekz.com/kk/article/15787>

УДК 338

АСТАНА ҚАЛАСЫНДАҒЫ ІСКЕРЛІК ТУРИЗМНІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Мұқсынбек Гүлсезім Серікқызы

guzi1996@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Туризм» мамандығының

4 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А.Б. Баймбетова

Қазіргі таңда кез келген елдегі заманауи қоғам мен экономиканың дамуы іскерлік туризмнің қарқынды өсуіне әсер етеді. Себебі іскерлік туризм әлемдік шаруашылықтың ең дамып келе жатқан саласы болып саналады. Іскерлік, мәдени және ғылыми салалардың байланысы іскерлік туризмді әлемдегі алдыңғы қатардағы салалардың біріне айналдырды. Бизнес туризмнің бұл сегментінде Қазақстанның да белгілі бір мүмкіндіктері бар. Қазақстанның геосаяси жағдайы мен табиғи-шикізат ресурстары елге іскерлік мақсатта келушілер санының өсуіне әсерін тигізуде.

Жалпы, іскерлік туризм ұлттық экономиканың дамуында үлкен роль атқарады – ол әлемдік экономикалық нарыққа бірігуіне ықпал етеді. Заманауи бизнес – белсенді ақпарат алмасу, жаңа технологияларды игеру, іскерлік білімді арттыру, халықаралық конгрестер, семинарлар мен көрмелер және т.б. қатысу арқылы жүзеге асады. Ал бұл өз кезегінде іскерлік туризм аясына кіреді. Осы сала арқылы экономикаға жаңа идеялар келіп, жаңа нарықтар ашылып, жалпы айтқанда, прогресс жүзеге асады.

Іскерлік туризм орнына көбіне мамандар ағылшын аббревиатурасы MICE сөзін қолданады. Бұл арнайы термин халықаралық тәжірибеде кеңінен қолданылып, іскерлік туризмнің негізі болатын 4 ағылшын кілт сөздерін тұспалдайды. Аббревиатура келесі сөздердің бас әріптерінен құралған: M – Meetings (іскерлік кездесулер), I – Incentives (интенсив-туризмдер), C – Conferences (конференциялар), E – Exhibitions (көрмелер), міндетті түрде көпше түрде жазылады. Сонымен іскерлік туризм түсінігі іскерлік визиттер, мыңдаған адам қатысатын халықаралық конгрестер, симпозиумдер, конференциялар мен көрмелерді ұйымдастырумен байланысты. Ал егер дәлірек айтсақ, MICE термині негізінде корпоративті сатып алушылармен (corporate buyers) қолданылады. Осы қызметтерді

сатушылардың кейбіреулері (suppliers) басқа академиялық термин – кездесулер терминін (Meetings) қолданады және осыдан кездесулер индустриясы (Meeting Industry) шығады. Сондықтан, қызметтік мақсаттағы кездесулер индустриясын анықтағанда үш термин қолданылады: іскерлік туризм немесе business travel, MICE индустриясы мен кездесулер индустриясы. Сонымен, іскерлік туризм түсінігі жеке іскерлік визиттер мен мыңдаған адам қатысатын халықаралық конгрестер, симпозиумдар, конференциялар, көрмелерді ұйымдастыруды айтады.

Іскерлік туризм көп қаржыны қажет етеді, сәйкесінше, кірісі де мол болады. Жоғарғы және орташа сатылы компания менеджерлері іскерлік туризмнің негізгі саяхатшылары, сондықтан, қымбат және жоғарғы кластың сатушылары үлкен пайдаға ие. Мысалы, 3 жұлдызды қонақ үйлер мен жоғары дәрежелі көлік компанияларының қызметі. Халықаралық туристтік ұйымның есебі бойынша жай адамның демалысқа жұмсаған ақшасына қарағанда, іскер адамның іскерлік саяхатқа жұмсайтын ақшасы 3 – 4 есе көп болады. (300\$ орнына 1200\$). Жылдық ақша айналымы ондаған миллиард доллармен есептеледі. Бүкіл әлем осы сфераға аңшылық жасап жатқаны белгілі және біздің ел де қалған мемлекеттерден қалысып жатқан жоқ [1].

Қазіргі кезде іскерлік туризм қарқынды дамып келе жатқан экономикалық сектор болғандықтан, шетелдік валюта ағыны мен жұмыс орнын қамтамасыз ету негізінде, әртүрлі туризмнің индустрия секторларына сұраныстың көбеюі, экономика салаларының, ғылымның, білімнің, мәдениет пен денсаулық сақтаудың дамуы ретінде орнықты.

Халықаралық сауда ұйымы осы туризм түріне съездер, ғылыми конференциялар мен конгрестер, көрмелер мен жәрмеңкелер, салондар мен келісім-шарт жасау үшін келіссөздер жүргізуді жатқызады. Іскерлік туризм сонымен қатар, бизнесмен мен іскер адамдардың іссапарларын, конгресс-көрмелік, интенсив-туризм, ивент шараларын өткізуді қарастырады.

Көрмелік туризм іскерлік сапарлар ішіндегі белсенді дамып келе жатқан нарық сегменті болып табылады. Бұған конгресстер, көрмелер, жәрмеңкелер, конференциялар және т.б. іс-шаралардың өтуін жатқызады. Осы шаралардың өткізілуінің мақсаттары әр-түрлі. Бизнесмендер, емдеушілер, мәдениет қайраткерлері, туризм және басқа салалар (құрылыс, ауыл шаруашылық және т.б.) жаңалықтармен алмасу үшін, ойлары мен тәжірибемен бөлісу, келіссөздер жүргізу және ұсынылатын мәдени программаны қарау мақсатымен келеді.

Конгресстер мен көрмелерді бір топқа біріктіру – олардың ортақ белгілерінің көп болумен байланыстырылады. Айырмашылықтар тек топ мүшелері мен шақырушы тарапқа деген міндеттемелерінің өзгешеліктерімен ғана түсіндіріледі. Әсіресе, конгресстік-көрмелік туризмнің негізгі шарттарының бірі – шақырушы тараптың халықаралық деген атақпен қамтамасыз етілуі болып табылады. Көбіне, конгресстік-жәрмеңкелік туризмді қатты дамытып жатқан елдер ғылыми-техникалық бағытта жетекшілер деген беделі бар елдер. Бұл оларға ең бірінші мамандарды шақыру, ал кейін келушілер санын көбейтуге жол ашады. Конгресстік-көрмелік шаралар мүшелерін тартудың басты шарты – шақырушы елдің экономикалық дамуы мен жаңа технологиялар даму деңгейі, көлік, байланыс пен жатақханалық инфра-құрылымының дамуы болып табылады. Көрмелерде қатысу - көрме орындарының бағасы, құрал-жабдықтарды орнату, стендистердің жолақысын төлеу және тағы да басқа шығындарды санап келгенде, өте шығынды шара екені белгілі болды. Сондықтан, осындай шараны өткізерде, оның әкелуі мүмкін артықшылықтарды талдай келе шешім қабылдайды. Бұл артықшылықтарға үлкен тұтынушылық әлеуеті бар жаңа нарыққа шығу, жаңа тиімді серіктестермен байланыс орнату, жаңа нарықта фирма тауарларын жылжыту жатады.

Конгресстік туризмді көрмелік туризмнің бір түрі ретінде қарастыруға болады. Оны жеке топ ретінде қарастырудың себебі – оның инфрақұрылыммен ұйымдастырушыларға деген басқа талаптарына байланысты. Олар масштабы бойынша көрмеліктен кішірек, қатысушылары жоғары квалификацияланған және талапты болады. Ал пайда бойынша азырақ – өйткені қатысушылар саны азырақ. Ал халықаралық конгресстер эксклюзивті қызметімен ерекшелінеді: оларға ең жақсы деген қонақ үйлер дайындалады. Конгресс және

конвент қонақ үйлері бір уақытта 2000-ға дейін адам қабылдай алады және Америка, Қытай және Сингапурда өте кең таралған. Ал Еуропада орташа есеппен бір шараға 300 адам қабылдайды және конгреске орын таңдағанда осы санды басты етіп алады.

Конгресстік туризмнің бір айырмашылығы – оның ірі корпоративті тапсырыс берушісі болуы тиіс: үкімет, жеке министрліктер, ірі корпорациялар мен холдингтер.

Арнайы шаралар арасында туристік көрмелер мен биржалардың ролі үлкен. Олар соңғы 30 жылда басталып, саны күн санап артуда. Тек қана Еуропада жылына 200-ден астам туристік көрмелер мен биржалар ұйымдастырылады. Биржаларға, оның ішінде ең ірісі болып табылатын Берлинде наурызда өткен халықаралық туристік биржа кіреді. Сонымен қатар, соңғы жиырма жылдықта қаңтар соңында – ақпан басында Мадридте Халықаралық туристік көрме биржа ФИТЮР өтеді. Оның айырмашылығы ол туризмнің келесі маусымының бағалары мен тенденцияларын тағайындайды [2].

Іскерлік туризмнің басқа түрі интенсив-турлар. «Incentive» түсінігі ынталандырушы деген мағынаны береді. Осы туризм түріне компаниялардың өзінің қызметкерлерін ынталандыру ретінде ұйымдастыратын сапарларды жатқызамыз, сонымен қатар сырттағы семинарлар, конференциялар мен келіссөздерді айтамыз. Интенсив-турлардың екі түрі бар: жеке турлар; сыртқы семинарлар, конференциялар мен дилерлік мектептер. Интенсивті туризм бірнеше мақсаттан тұрады (сурет 1, 2):




Сурет 1. Интенсивті туризмнің мақсаттары

Ескерту – автормен құрастырылған

Мақсатқа байланысты интенсивті - бағдарламаны 3-ке бөледі:

- мадақтамалы бағдарлама;
- ынталандыру бағдарламалар;
- топ құру (teambuilding).



Сурет 2. Интенсивті туризмнің мақсаттары

Ескерту – автормен құрастырылған

Әсіресе көпке жететін интенсивті бағдарлама – қызметкерлер мен жұмысшылар, жоғарғы сатыдағы басшылар, клиент немесе дилерлерді мадақтаудың ең үздік түрі.

Интенсив программаның ерекшелігі – оның тек қана тапсырыс берушіге шығарылуы. Осы турларға жоғарғы сатылы орналастыру мен маршрутты қызмет ету кіреді.

Қарапайым жағдайда интенсивті тур 4 немесе 5 жұлдызды қонақ үйлерде тұру мен экскурсияға толы кәдімгі тур болып саналады. Және де осындай бағдарламаларға ең көп мөлшерде американдық туристер тапсырыс береді. Сапардың бағдарламасы негізгі идеяға сәйкестендіріліп құрылса, онда интенсивтің басқа да түрлері пайда болады. Ереже бойынша, интенсив – оператор әр елге қалауы бойынша 20 – 30 бағдарламалар ұсынады.

Интенсив турлар санының артуы конгрессті – көрмелік қызметтің және маманданған форумның өткізілуіне түрткі болды. Осы турлар санының артуы университеттерде туристік бизнесті дамытуға қажетті кадрлар даярлау курстарын, көптеген ассоциациялар, қоғамдар т.б ашуға себепкер болды. Солардың бірі көтермелеу туризм сферасындағы, Нью-Йорк қаласында орналасқан лауазымдық тұлғалардың қоғамы болып табылады (SITE). Ол 650 мүшеден құралған. Қазіргі уақытта SITE 18 комитеті бар, интенсив-туризм университетін басқарады, аймақтық кездесулер, семинарлар және сауда көрмелерін өткізеді.

Эксперттердің айтуы бойынша, интенсивті туризмнің болашағы жарқын. XXI ғасырда ол әлемдік шаруашылықтың жетекші саласындағы мадақтаудың негізгі формасы болады. Интенсив турлардың программалары организаторлардың сапарға және аймаққа мамандандыруына байланысты. Мадақтамалық сапарларды өткізудің ең кең тараған аймағы рекреациялық және іскерлік центр болып табылады [3].

Экономика мен іскерлік туризм ұғымы өте тығыз байланыста. Осы екі терминдер әрдайым бірге жүреді. Экономиканың іскерлік туризмге және керісінше – іскерлік туризмнің экономикаға әсерімен ажыратылады. Экономиканың іскерлік туризмге әсері. Жалпы экономикалық факторлар іскерлік туризмге оң және теріс әсер тигізе алады (сурет 3). Іскерлік туризмге оң әсер ететін факторлар:

- кірістің көбеюі;
- тең мөлшерде табысты бөлу;
- валютаның тұрақты болуы;
- конъюктурлы жағдайдың тиімді болуы;

Іскерлік туризмге теріс әсер ететін факторлар:

- экономикалық кризистік жағдайлар;
- өнеркәсіптің төмендеуі(жұмыссыздықтың көбеюі, жалақының азаюы, уақытша жұмыстар);
- конъюктурлы жағдайдың ушығуы.



Сурет 3. Интенсивті туризмнің мақсаттары
Ескерту – автормен құрастырылған

Кірістің көбеюі туристік қызметтердің пайда болуына себепкер болады. Кірістің көбеюінен тұтынушылар өздеріне көбірек ақша алады. Егер ақша халықты қамтамасыз етуге қажет қаржыдан көп болса, онда сапарға баратын адамдар саныда өседі.

Тең мөлшерде табысты бөлу де іскерлік туризмге өте үлкен әсер етеді. Қаншалықты табысты тең бөлсе, соншалықты адамдардың сапарға бару мүмкіндігі туады. Осы арақатынасты XIX ғасыр мен XX ғасыр аралығында байқауға болады.

Валютаның тұрақты болуы да іскерлік туризм жүйесінің маңызды факторы. Егер доллардың курсы жоғары болса, онда адамдардың сапарға шығуы өте төмен болады. Осы жағдайда біздің ел тұрғындары үшін АҚШ-тағы іс сапарға шығуы қымбат, ал шетелдік азаматтардың бізге келуі арзан болады. Айырбас курстың ауытқуы бірдей қызмет бағаларының әр түрлі болуына, яғни біреуінің екіншісінен көп болуына себепкер болады.

Іскерлік туризмнің экономикаға әсері

Экономиканың іскерлік туризмге әсерінен, іскерлік туризмнің экономикаға әсерін нақтырақ қарап шығайық. Соған байланысты бес экономикалық функциялармен жұмыс жасау қажет[4].

Сонымен, іскерлік туризм ұлттық экономиканың дамуында үлкен рөл әлемдік экономикалық нарыққа бірігуіне ықпал етеді. Заманауи бизнес – белсенді ақпарат алмасу, жаңа технологияларды игеру, іскерлік білімді арттыру, халықаралық конгресстер, семинарлар мен көрмелер және т.б. қатысу арқылы жүзеге асады. Ал бұл өз кезегінде іскерлік туризм аясына кіреді. Осы сала арқылы экономикаға жаңа идеялар келіп, жаңа нарықтар ашылып, жалпы айтқанда, прогресс жүзеге асады. Қазіргі кезде іскерлік туризм қарқынды дамып келе жатқан экономикалық сектор, шетелдік валюта ағыны мен жұмыс орнын қамтамасыз ету негізінде, әртүрлі туризмнің индустрия секторларына сұраныстың көбеюі, экономика салаларының, ғылымның, білімнің, мәдениет пен денсаулық сақтаудың дамуы ретінде орнықты. Іскерлік туризм 115 мемлекеттерде қарқынды дамып келе жатқан туризмнің жас саласы. Ол экономика ұғымымен өте тығыз байланыста. Осы екі терминдер әрдайым бірге жүреді. Экономиканың іскерлік туризмге және керісінше – іскерлік туризмнің экономикаға әсерімен ажыратылады.

1. Сеитов А.А «Теория, практика международного туризма». – Алматы: Экономика, 2006, 319 б.
2. Александрова А.Ю. Международный туризм. – М.: Кнорус, 2010. 206 б.
3. Бабкин А.В. Специальные виды туризма. – Ростов-на-Дону: Феникс, 2008. 282 б.
4. Гасиев М. Основы делового туризма и индустрии МСЭ в России и за рубежом: сравнение и тенденции // Деловой туризм и индустрия МСЭ в России и за рубежом: основы, понятия и тенденции (практический опыт). – М., 2004. – Б. 112-120
5. Дурович А.П. Маркетинговые исследования в туризме. Учебное пособие для ВУЗов. – Минск: Новое знание, 2007. – 115 б.

УДК 338.48

ИННОВАЦИИ В СФЕРЕ ТУРИЗМА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Нургазина Айну́р Болатовна

nurgazina.ainur@mail.ru

Студент 4-го курса экономического факультета, специальности «Туризм»

ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель- А,Н,Шаимова

На сегодняшний день в большинстве стран, относящихся к числу развитых стран, занимающих лидирующие позиции в рейтинге стран с самыми сильными экономиками мира, направления экономического развития сфокусированы на избранном инновационном пути, который способствуют упрочнению экономического и политического господства. Более того, к количеству мировых лидеров подключаются все новые и новые государства из количества развивающихся, которые добились опережающих параметров экономического развития в результате повышающей инновационной значимости своих национальных экономик. В данной связи особый акцент имеют экономические параметры новейших индустриальных стран Юго-Восточной Азии. Китай, Южная Корея, Сингапур, Тайланд – все это примеры результативно реализуемого комплекса реформ, которые направляются на формирование и упрочение научно-технического, инновационного, а значит и экономического потенциала государства.

В то же период с введением Государственной Программы индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2015 – 2019 годы произошла реализация государственной политики, которая направлена на формирование условий для последующего развития инновационного потенциала государства с имеющимся переходом на инновационный путь развития, но, не смотря на существующие в пределах инновационной политики направления, значительных сдвигов за все годы достигнуть не удалось, о чем говорят многие параметры. В Послании Президента Республики Казахстан - Лидера Нации Н.А.Назарбаева Народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050»: Новый политический курс состоявшегося государства» были определены приоритеты (основным из которых становится инновация), на которых должно формироваться последующее развитие Казахстана. Казахстан пребывает на пути ускоряющегося индустриально-инновационного развития [1, с. 5].

Результативное преодоление установленных целевых установок возможно только в итоге динамичной работы национальной инновационной системе, которая в настоящих реалиях пребывает на пути развития в нашей стране. При выстраивании НИС имеет место использование мирового опыта. Необходимо сделать акцентирование, что нельзя просто слепо копировать НИС иных государств.

В Казахстане все больше уделяется внимание развитию сферы услуг. Так, в течение последнего двадцатилетия в сфере услуг в Казахстане опережение роста промышленной отрасли составляло около 3 % и на первое полугодие 2017 года составляло 54,2 % ВВП. В